

Жігіттің сұңқары еді

Бір адамдармен көп жылдар жиі кездесіп, сәлемің дұрыс болғанымен өте жақын сыйлас болып кете алмайсың. Ал кейбір жандарды жаның жақсы көріп тез қоян-қолтық араласып кетуге көп уақыт таныстықтың керегі жоқ. Сондай тез танысып, сыйластығымыз бен достығымыз жарасқан інім Есен еді.

Бұл Алматыда, өткен ғасырдың 90-шы жылдары болатын. Есеннің әртүрлі әкімшілік-басшылық қызметтерді тастап, нарық экономикасының мүмкіндігіне орай бизнеске кеткен кезі еді. Сол жылдардың көптеген азаматтар үшін, жалпы ел үшін қиындығы әлі есімде. Үйткені осы жылдары елімізде ұзақ уақытпен қалыптасқан шаруашылық жүйесі күрт өзгерді. Ой-сананың кенет басқа жаққа бұрылу талабы да туды. Міне осылар көптеген азаматтарды тығырыққа тіреді, бұрынғы қызметі орнымен жоқ болды, жаңа заманның талабы бұлыңғыр болып тұрды.

Сол кездерде тыңнан жол ашып, елімізде нарық экономикасын енгізіп, оны дамытатын, сөйтіп өз үлгісімен халықты нарық жолына шақыратын азаматтар керек болды. Сондай азаматтардың тобы көп болған жоқ, бірақ ел ішінен табылды, солар белсене жұмысқа, яғни бизнеске кірісті. Солардың бірі емес, бірегейі Есенгелді Мұқажанов еді. Жүрегінде жалыны бар, рухы биік, қайраты мол осы азаматпен мен сол кезде танысып едім.

Артынан дос, сырлас болдық. Араласып пікір алысқан сайын оның азаматтық тұлғасы менің алдымда өсе берді. Істеген ісін көріп те оның парасатына сүйсініп жүрдім. Көптеген мінез-құлқы, ой-парасаты ұрпаққа үлгі болатындай еді. Елін, туған халқын жақсы көруші еді. Сол қиын кездердегі елдегі тұрмыстың ауырлығына қиналатын, көптеген ел азаматтарының жаңа заманға түсінігінің, икемдігінің аздығына ренжитін. Тілін бағаламай отырған қазақ еліне қайтсек келешекті ұғындырсақ деп толғанатын. Осындай ойларын менімен талай ортаға салып, ағалы-інілі болып ой тоғыстырып едік.

Ағайын –туыстарына, дос-жолдастарына қамқоршылығы да ерекше еді. Ардақты Байекең – Байкен Әшімовке, Мақтай Сағдиевке, Кәкімбек Салықовқа басқа да ағаларына жасаған құрметіне талай куә болдық. Қолы ашық азамат, дүниеқорлықтан аулақ, әр уақытта қолында барын біреумен бөлуге дайын тұратын дарқандығы таң қалдыратын.

Туған жер, өскен ортасын да ешқашан ұмытқан жоқ. Өзі туып-өскен Байшілікке көмегі зор болды. Сол ауылға тас жол салу үшін бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Маған да осы өтінішін айтқаны әлі есімде. Тіпті қатты ауырып жүріп, бірнеше ай Қытайда емделіп жүріп те осы Байшілікке тас жол салу туралы телефон шалып еді. Сол елге Есеннің ұсынысымен жол салына бастады, бірақ оны өзі өкінішке орай көре алмай кетті.

Есеннің сүйген жары Күләш та қазақтың мінезге бай, балаға мейірімді, қоршаған ортасына сыйлы нағыз қазақтың қызы. екеуінің отбасында

болғанда бір-біріне жарастықтарын көріп көңіліміз өсіп, жақсы бір демалыс кештерін өткізіп қайтатынбыз.

Есен ұзақ ауырды, ұзақ емделді де. Көптеген елдерге, көптеген жерлерге барды. Әруақыт қасында Күләші болды аурудың барлық қиыншылығын өзімен бірге көтерді. Сүйген жарының осындай ерен еңбегіне Есен рахметі мен ризашылығын айтып отыратын еді.

Есеннің өмірі қысқа болды. Тірі болғанда 60 жасын тойлайтын едік. Бірақ тағдыр оған жеткізбеді. Артында Күләш пен балалары қалды. Алла соларға рух беріп, сәулетті, дәулетті күндерін мол қылсын.

Ал Есен болса, осындай ақжарқын, сұңқардай азаматтық есімі біздің есімізде әрқашанда болады.

Академик Кенжеғали Сағадиев
Есенгелді Мұқажанов туралы естеліктер жинағы
25 маусым 2007 жыл.